

"Петропавл қаласы тұрғындарының нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" Петропавл қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 17 наурыздағы N 308 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

""""""Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 20 қарашадағы N 2208 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 желтоқсанда N 2430 болып тіркелді. Күші жойылды - (Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімі аппаратының басшысы 2014 жылғы 17 маусымдағы N 16.7.3/1350 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - (Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімі аппаратының басшысы 17.06.2014 N 16.7.3/1350 хаты)

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Петропавл қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Петропавл қаласы тұрғындарының нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы» Петропавл қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 17 наурыздағы № 308 қаулысына (2010 жылғы 23 сәуірдегі Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде тіркелген № 13-1-177, 2010 жылғы 21 мамырдағы № 23 (285) «Қызылжар нұры», 2010 жылғы 21 мамырдағы № 22 (332) «Проспект СК» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының преамбуласы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау осы саланы басқаратын қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Т. Закариянов